

ДЛЯ НАС ВАЖНО ПРОДОЛЖАТЬ ФОКУСИРОВАТЬСЯ НА ОБЪЕМАХ ПЕРЕВОЗОК И СОВМЕСТНО С НАШИМИ АКЦИОНЕРАМИ И ПАРТНЕРАМИ ДОБИВАТЬСЯ ЛУЧШЕЙ ПРОПУСКНОЙ СПОСОБНОСТИ ПРЕЖДЕ ВСЕГО ЗА СЧЕТ ИНФРАСТРУКТУРНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ ПРОЦЕССА ПЕРЕВОЗОК. МЫ СТАВИМ ПЕРЕД СОБОЙ ЗАДАЧУ В ЭТОМ ГОДУ ПРЕОДОЛЕТЬ ВАЖНУЮ ГОДОВУЮ ПЛАНКУ В 700 ТЫСЯЧ ДФЗ.

Алексей ГРОМ,  
генеральный директор АО «ОТЛК «ЕРА»



№34-35 (2851-2852)  
28/04/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ГЛАВНАЯ ЦЕННОСТЬ КОМПАНИИ

Сегодня отмечается Всемирный день охраны труда, посвященный обеспечению здоровой и безопасной производственной среды. В АО «НК «ҚТЖ» на системной основе строится работа в соответствии с государственными нормативными требованиями по охране труда.

Асель ШАЙХИНОВА,  
Астана

Компания прилагает целенаправленные усилия к нулевому травматизму, формированию позитивной культуры охраны труда.

Цель Всемирного дня охраны труда – привлечение особого внимания к проблемам в области безопасности и охраны труда, к недопущению травм и заболеваний, связанных с трудовой деятельностью, а также к тому, каким образом создание и продвижение культуры безопасности труда может способствовать снижению производственного травматизма.

– Ведь безопасная и здоровая рабочая среда – основополагающий принцип и право в сфере труда, – отмечает главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев.

К слову, ежегодно в ҚТЖ определяют работников, наиболее активно проявивших себя в области производственной безопасности и охраны труда. По итогам 2022 года выдвинуты 11 кандидатур

из структурных подразделений и дочерних организаций компании. Все они активные пользователи мобильного приложения ҚТЖ для предупреждения несчастных случаев на рабочем месте «Производственная безопасность». Через приложение железнодорожники сообщают о нарушениях требований охраны труда, об опасных действиях и условиях, о необходимости остановить небезопасную работу. За 2022 год денежной премией поощрены 399 железнодорожников на сумму 18,6 миллиона тенге.

Также в компании акцент делается на разъяснительной работе в коллективах, проводятся рабочие встречи, не остается без внимания и молодое поколение. В ҚТЖ уверены, только совместные усилия в области охраны труда способствуют сохранению жизни и здоровья железнодорожников.

– Вопросам обеспечения безопасности на рабочих местах в структурных подразделениях компании уделяется особое внимание. Эти



усилия позволяют своевременно выявлять и устранять угрозы и контролировать риски возникновения производственного травматизма. Основу работы составляет не только усиление требований за соблюдением норм охраны труда, инструкций по охране труда, пра-

вильности применения средств индивидуальной защиты, но и трудовой и производственной дисциплины, безопасной эксплуатации оборудования, – рассказал Батыр Котырев.

Продолжение темы на 4-5-8 стр.  
Фото автора

## ДОСТАВКА БЫСТРО И С КОМФОРТОМ

АО «KTZ Express» совместно с АО «РЖД Логистика» организован прямой контейнерный сервис по доставке агропродукции в Китай. Так, состоялась отправка первого рефрижераторного контейнерного поезда в прямом железнодорожном сообщении на направлении Москва – Сиань (КНР).



Контейнеры с мясной и куриной продукцией проследуют до пункта назначения через казахстано-китайскую границу. По словам специалистов, ранее доставка была мультимодальной, с использованием железнодорожного и морского транспорта. Теперь в дальнейших планах сделать прямой новый сервис еженедельным.

Сегодня на рынке транспортно-логистических услуг очень высока конкуренция. И в условиях все возрастающей контейнеризации грузов и увеличения объемов перевозки скоропортящихся товаров, грузоотправители проявляют интерес именно к тем компаниям, которые могут организовать такую доставку в самые краткие сроки.

Для таких «капризных» товаров важна непрерывность холодильной цепи, есть специальные требования к подвижному составу, который используется для перевозки скоропортящихся товаров, грузоотправители проявляют интерес именно к тем компаниям, которые могут организовать такую доставку в самые краткие сроки.

Для таких «капризных» товаров важна непрерывность холодильной цепи, есть специальные требования к подвижному составу, который используется для перевозки скоропортящихся товаров, грузоотправители проявляют интерес именно к тем компаниям, которые могут организовать такую доставку в самые краткие сроки.

С каждым годом растут и технические требования к автономным рефрижераторным контейнерам. Ведь организация рефрижераторных перевозок предполагает транспортную перевозку на дальние расстояния продуктов, требующих соблюдения определенного температурного режима. Для перевозки на короткие расстояния чаще всего прибегают к изотермическим перевозкам. Для решения подобной задачи применяется специальное изотермическое оборудование: авторефрижераторы, рефронтейнеры, термосы и другие.

Качественные контейнеры дают возможность перевозки грузов с гарантией сохранения температур на всем участке «холодовой цепи», включая рефрижераторные перевозки между Россией и Китаем через Казахстан, а также другие – более дальние направления. При этом категории грузов для перевозок с поддержанием определенной температуры очень разные – от скоропортящихся пищевых продуктов (овощи, фрукты, мясо, рыба, молоко, яйца, полуфабрикаты и продукты переработки) до медикаментов и фармацевтической продукции, косметических средств. Контейнеры подбираются исходя из конкретного типа продукции, которая нуждается в перевозке.

Алуа ТЛЕУБАЙ, Астана

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ОКОЛО

**1** млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВАЛЕНО  
В ПОРТУ АКТАУ  
С НАЧАЛА ГОДА

БОЛЕЕ

**70** млн тонн

УГЛЯ ПЕРЕВЕЗЕНО  
ҚТЖ ЗА ОТОПИТЕЛЬНЫЙ  
СЕЗОН 2022-2023 ГОДОВ

СВЫШЕ

**200** тысяч тонн

ГРУЗОВ В КОНТЕЙНЕРАХ  
ПОГРУЖЕНО  
В КОСТАНАЙСКОМ  
ОТДЕЛЕНИИ ГП  
С НАЧАЛА ГОДА

## Семинар

### ҚАУІПСІЗ ДЕ ҚУАТТЫ ӨНДІРІСТІК ОРТА ҚҰРАМЫЗ

28 сәуір – Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орай «Қазкөлік-кәсіп» ҚБ теміржол саласындағы кәсіподақ ұйымдарына арнап «Қауіпсіз еңбекті қолдайтын кәсіподақ» тақырыбында семинар ұйымдастырды. Оған «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен бастауыш кәсіподақ ұйымының жетекшілері мен техникалық инструкторлар қатысты.

Ұлан ОРАЗ,  
Астана

Алғаш рет еңбек қорғау күні ресми түрде 2003 жылы ғана атап өтілді. Қазір бұл маңызды күн 100-ден астам елде, соның ішінде Қазақстанда маңызды күндер тізіміне енген. Атаулы күннің ұраны жыл сайын өзгеріп отырады. Әлем бойынша Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнінің биылғы тақырыбы – қауіпсіз де қуатты өндірістік орта құру.

Жиынды ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары Нұрлан Өтешов сөз сөйлеп ашып, көпшілік назарын Дүниежүзілік еңбек қорғау күнінің биылғы тақырыбына аударды. Өндіріс орындарында қауіпсіз де жайлы жұмыс ортасын құруға шақырып, бұл орайда кәсіподақтар рөліне тоқталды.

Елордадағы кәсіпорындарда өндірістік жарақат алу мәселесі бойынша Астана қаласы Кәсіподақтары орталығының төрағасы Төлеген Құнаділов, ал теміржолдағы ахуал жайында «Қазкөлік-кәсіп» ҚБ Астана темір жол төрағасы Серік Сәрсекеев баяндама жасады. Сонымен қатар арнайы шақырылған қонақ – ҚР Кәсіподақтары федерациясы еңбек қорғау және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бөлім бастығы Марат Иманәліұлы әріптестеріне салада қызметкерлердің құқығын қорғау бойынша көптеген өзекті мәселелердің жөн-жосығын түсіндірді. Қатысушылардың айтуынша, дүние жүзінде күн сайын 6 мыңнан астам адам жұмыс орынындағы қайғылы жағдайлар мен кәсіби аурулардан қайтыс болса, жылына ол 2 млн 300 мыңға жуық адамды құрайды екен.

Жалғасы 4-бетте



Бернар ЖАҒЫПАРОВ,  
Астана вагон пайдалану  
депосының директоры:

ҚАЗІР КАДР ТҰРАҚ-СЫЗДЫҒЫ ТӨМЕН-ДЕДІ. БҮЛ ЖАҒДАЙ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҒА ЖАЛАҚЫСЫНЫҒА ӨСУІМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ЖЫЛ БАСЫНДА ЖЕЛІЛІК ТЕМІРЖОЛ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ СИЯҚТЫ ДЕПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ДЕ ЕҢБЕК АҚЫСЫ 5%-КЕ, АЛ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП 15%-КЕ, ЯҒНИ БАРЛЫҒЫ 20% ӨСТІ

## ЖАЗ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ биылғы жазғы кезеңде 4 млн астам жолаушы тасымалдауды жоспарлап отыр. Туристік маусым кезінде Алакөл жағалауына Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарынан 11 маршрут бойынша пойыз қатынайтын болады.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Бұл туралы «Самұрық-Қазына» АҚ алаңында Ұлттық тасымалдаушының жазғы жолаушы тасымалын ұйымдастыру және интермодальды тасымалдау жобасын іске асыру бойынша өткен брифингте айтылды. Жиынға қатысқан «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бас директоры Жәнібек Тайжанов биыл Елордадан алғаш рет «Астана-Достық» бағыты бойынша «Тальго» жайлы пойызы жөнелтілетінін де жеткізді. Құрам аптасына екі рет жүреді. Жалпы, биыл жазғы маусымда Алакөлге өткен жылмен салыстырғанда 30 мың жолаушы артық тасымалдау жоспарлануда екен. Өйткені, соңғы екі жылда осы бағытта және кері қарай

жолаушылар ағыны екі есе өскен.

Айтуынша, көліктік қолжетімділікті жақсарту үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ ҚР ИИДМ, әкімдіктермен, туроператорлармен, әуе және автотасымалдаушылармен бірлесіп ел ішінде интермодальды тасымалдауды (көліктің екі және одан да көп түрін пайдалану) ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл тұрғындардың көлік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ішкі тасымалдау жаңа моделінің негізі болады.

– Интермодальды тасымалдаудың келесі қызметтерін ұсыну жоспарлануда: «ПОЙЫЗ+ПОЙЫЗ» қызметі бір пойыздан екіншісіне ауыса отырып, межелі пунктке дейін жол жүруді көздейді. Ал «ПОЙЫЗ+АВТОБУС» қызметі жолаушыларға вокзалдан үйге дейін трансфер

ұсынады. Үшінші, «ПОЙЫЗ+ҰШАҚ» қызметі жолаушыларды вокзалдан әуежайға тасымалдау. Жолаушылармен кері байланысты жақсарту үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ пилоттық режимде «KTZ\_PP\_VOT» телеграмм ботын іске қосты. Осы байланыс арнасы арқылы билетті сатып алу және қайтару туралы қажетті ақпаратты, пойыз кестесін және басқа да анықтамалық мәліметтерді алуға болады. Сондай-ақ, жолаушылар 1433 анықтамалық қызметінде және «Жолаушылар тасымалы» АҚ әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттары арқылы тегін кеңес ала алады, – деді Ж. Тайжанов.

Жалпы бүгінгі таңда елімізде теміржол жолаушылар маршруттарының жалпы саны – 140. Оның 73 пайызына «Жолаушылар тасымалы» АҚ, ал қалған-

дарына жеке тасымалдаушылар қызмет көрсетеді, яғни бұл дегеніміз – 102 маршрут, соның ішінде алыс өңірлерге баратын 41, қала маңы бойынша 61 бағдар бар.

Журналистер сауалына «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бас директорының маркетинг және сервис жөніндегі орынбасары Мұхит Тұрсынбаев және «Жолаушылар тасымалы» АҚ өндіріс жөніндегі атқарушы директоры Асхат Аққанбеков те жауап берді. Олар компания Астанадағы «Нұрлы жол» вокзалынан жолаушыларды үйге дейін 850 теңгеммен тасымалдайтын такси қызметі іске қосылғанын жеткізді. Бұл қызметті Алматы-Астана, Шымкент-Астана бағытында қатынаған жолаушылар пайдалана алады. «Перроннан – үйге дейін» пилоттық жобасы 17 сәуірде іске қосылып, содан бері оны 300-дей адам пайдаланып үлгерген. Интермодальді тасымал қызметі компания пойыздарынан түсіп, автобуска немесе маршруттық таксиге отырған жолаушыларға көрсетіледі. Вагонда QR коды. Соны сканерлеп Астанада баратын үйдің мекенжайын жазу керек. Осылайша ақырғы нүктеге жетуге болады. Жоба жемісті болса компания басшылығы қызмет аясын Астанамен шектемей, кейінге түсуді жоспарлап отыр.

## ОНЛАЙН ФОРМАТТА КЕЗДЕСТІ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



«Қалың қалай, бастауыш ұйым?» акциясы аясында Қазақстан Кәсіподақтар Федерациясы төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Тінекеев Ақтөбе филиалының бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен онлайн форматта кездесу өткізді.



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Батыс» филиалы бойынша кәсіподақ төрағасы Ғабит Садықов бастаған теміржол мекемелерінің бастауыш кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақ мүшелері де онлайн форматта өткен жиынға қатысты. Әскерилендірілген теміржол күзеті мекемесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Әділхан Аймағамбетов қызметкерлердің еңбек демалысын ұйымдастыру, еңбекті қорғау мәселелері бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, сала кәсіподағы ұйымының басшылықпен бірлескен жұмысты нәтижесінде жалақыны 10 пайыз өсіруге мүмкіндік туғанын жеткізді.

«Өндірістік сектордағы жұмыскерлердің еңбек өтіліне қарап, еңбек демалысының күндері 30 күнгізбелік күнге дейін ұзартылды. Соңғы екі жылда жалақы 55 пайызға өсті. Ең бастысы – жеке құрамның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту, еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздікке көңіл бөлу мақсатында техникалық инспекторлардың кәсіби біліктілігін арттыруға назар аударылды. Техникалық инспекторларды материалдық ынталандыру және көтермеу үшін оларға ұжымдық шарт арқылы жыл сайынғы еңбек демалысына қосымша 3 күн қосылды. Енді техникалық инспекторларды оқытуға кәсіподақтан қолдау күтеміз», – деп атап өтті бастауыш кәсіподақ төрағасы.

Жиын барысында сөз алған «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Батыс» филиалы бойынша кәсіподақ төрағасы Ғабит Садықов жергілікті кәсіподақ ұйымының қызметіне, оның жұмыс берушімен тығыз қарым-қатынасына өз бағасын берді. Сондай-ақ, еңбеккерлердің жалақысын арттыру мәселесі салалық кәсіподақтың назарынан түспейтінін атап өтті.

«Кәсіподақтар федерациясы ең төменгі жалақыны көтеру мәселесін түрлі алаңдарда айтып келеді. Соның арқасында елімізде ең төменгі жалақы мөлшері өсті және әлі де өседі, сонымен қатар, ең төменгі жалақыны анықтау, оның ішінде оны индексстеу әдістемесін әзірлеу бойынша кәсіподақтардың көптен бергі бастамасы қолдау тапты. Сондай-ақ, еңбекақы жүйесін анықтау механизмдерін қайта қарау туралы ұсыныс жасалды», – деді Мұхтар Тінекеев.

*Суретті түсірген автор*

## ӘЙЕЛДЕР ВАГОНЫНА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Астана



«Жолаушы тасымалы» АҚ-ның соңғы жылдары іске қосқан сервистік жобасының бірі – әйелдерге арналған вагондар. 5 бағыттағы пойыздар құрамында жолаушылары тек әйелдер, тек нәзік жан иелеріне қызмет көрсететін вагондар болды.

Жоба ел ішінде қолдау тауып, мұндай вагондардың санын көбейтуге өтініш-тілек көп түсті. Өткен жылы елімізде 154 мың жолаушы әйелдер осындай ерекше статусы бар вагондар қызметін пайдаланған. Биылғы жылы ұлттық тасымалдаушы сол жобаны тағы да пилоттық режимде жалғастырмақ.

Яғни, биыл әйелдер вагоны тағы үш маршруттың пойыздарына жалғанбақ. Бұрын Алматы-Маңғыстау, Алматы-Өскемен, Павлодар-Түркістан, Маңғыстау-Семей, Атырау-Астана бағыттарындағы пойыздарда ғана болса, енді әйелдер вагоны Астана-Алматы, Астана-Шымкент, Алматы-Ақтөбе бағыттарындағы пойыздарда да пайда болады.

Айта кетейік, бүгінгі таңда «Жолаушы тасымалы» АҚ паркінде 2100 астам жолаушылар вагоны бар, оның ішінде 108 электр пойызының вагондары. ҚТЖ жолаушылар вагон паркін жаңарту бойынша мақсатты және кезең-кезеңімен жұмыс жүргізуде. 10 жыл ішінде вагон паркi 50% жаңартылды. 2023 жылы 100 жаңа вагон сатып алу жоспарлануда. Ал 2030 жылға дейін Қазақстан мен Швейцария президенттерінің қатысуымен Женевада өткен инвестициялық дөңгелек үстел барысында қол қойылған «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Stadler арасындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде тағы 537 жолаушылар вагонын сатып алу көзделген.

## ЖҮЗ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖАҢАРАДЫ



**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Атырау магистральдық желі бөлімшесі бастығының міндетін атқарушы Амангелді Рахмеденов биылғы жылға арналған жоспар бойынша өңірде 99,97 шақырым жол күрделі жөндеуден өтетінін жеткізді.

– Қазіргі уақытта Атырау жол дистанциясы бойынша Исатай станциясы мен 11 разъезд аралығында 29,5 шақырым жол салынып жатыр. Бүгінгі күні оның 13,337 шақырымы бітті десек болады. Сондай-ақ рзд-14, рзд-15 – Аққыстау станциясы аралығында 19,7 шақырым жаңа жол салынады, – деді ол. Рахмеденовтың мәліметінше, күрделі жөндеу жұмыстары барысында жолдың ескі темір жолы түгел алынып, орнына су жаңа бетон-бетонды шпалдар барлық технологиялық талаптар сақталып, салынып жатыр. Бұрынғы рельстердің ұзындығы 25 метрлік болып бунақталып салынатын болса, қазіргі уақытта



түйіспесіз рельстер төселуде. Бұл дегеніміз болтқа, қапсырмаға деген шығынды азайтып қана қоймай, пойыздар жүрісінің жайлылығын арттырады. Нәтижесінде жолаушылар пойызының жылдамдығы 60км/сағаттан 120км/сағатқа, жүк тасымалы пойызының жылдамдығы

50км/сағаттан 100км/сағатқа көтеруге ықпал етеді. Қазіргі уақытта Ресейден келіп-кетіп жатқан пойыздар осы жолдармен жүйткіп өтіп жатыр.

Сонымен қатар, Құлсары жол дистанциясы бойынша Қоркөл-Рзд-464 аралығында биыл 31,05 шақырым жол салу жоспарланып,

бүгінде 10,740 шақырым жол күрделі жөндеуден өткен.

– Аталған учаскте бұрынғы ағаш шпалдар түгел алынды. Жердің негіздемесі төселіп, шебін төсеу, жерді нығыздау, басқа да технологиялық талаптарға сай жұмыстар жасалуда, – дейді Құлсары жол дистанциясының бастығы Рақымжан Көрпебаев.

Күрделі жөндеуден өткен жолдарда енді жолаушы пойыздарына сағатына 120 км, Тальгоға 140 км, ал жүк пойыздарына 100 км дейін жылдамдыққа рұқсат етіледі. Күрделі жөндеу жұмыстары барысында мердігер «ПМС Интеграконтрашн» компаниясы күндіз тәулігіне 6 сағаттық толаскез алып, жұмысты жоспарлы уақытта бітіруге уәде беріп отыр.

Ағымдағы жылы бөлімше бойынша күшейтілген орташа жөндеу мен бағыттамалы бұрмаларды ауыстыру жұмыстары да жүргізілуде. Атырау жол дистанциясы бойынша Мақат, Сағыз, Мұқыр, Кенбай, Жамансор станциялары аралығында барлығы 20,7381 шақырым жолды орташа жөндеу белгіленген. Қазіргі уақытта 4,826 шақырым жол жөндеуіп біткен. Сондай-ақ, 30 жиынтық бағыттамалы бұрма салу жоспарланып, Сағыз – рзд-14 аралығында 2, Құлсары – Рзд-468 аралығында 4 жиынтық бұрма жаңадан орнатылған.

*Суретті түсірген автор*

## ШЕБЕРЛІК ОСЫЛАЙ ШЫҢДАЛАДЫ

Семей магистральдық желі бөлімшесінде теміржолшылар шеберлігін шыңдау ұдайы назарда. Әсіресе ПЧ-39 мекемесінің материалдық-техникалық базасы мығым. Техникалық кабинет пен дистанция іргесіндегі полигон толық жабдықталған, арнайы оқу бағдарламаларымен жұмыс істеуге мүмкіндік жасалған.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Жол шаруашылығының мамандары мұнда тек аттестациялық сынақ пен емтихан тапсыруда ғана емес, кез келген уақытта келіп, нұсқаушы берген жаттығуларды орындап, біліктіліктерін шыңдай алады.

Жалпы біліктілікті шыңдау – жол шаруашылығындағы жұмыс өнімділігін арттыратын негізгі факторлардың бірі. Бұл орайда жол дистанциясында жыл басынан бері жоспарға сай 28 техникалық сабақ өткізілген. Өндірістік сабақ нұсқаушыларының арнайы әдістемелерге жүгінетінін де айта кеткен жөн. Мұнымен қатар жаттығу полигондарында жұмысқа жаңадан

қабылданған жас мамандар үшін арнайы дәрістер өткізіледі. Мұндай сабақтар желі бойында да ұйымдастырылады.

– Жоспардан тыс дәрістер мен сынақтар да өтіп тұрады. Биыл желі бойында жеделхаттар бойынша бірқатар тәжірибелік сабақтар ұйымдастырдық. Басты орында, әлбетте еңбекті қорғау мен қозалыс қауіпсіздігі тұр. Бұл орайда арнайы деректі фильмдер көрсетіліп, макеттер бойынша да жұмыстар жүргізіледі, – дейді өндірістік дәріс беруші шебер Әбуғали Байғалиев.

Осындай шаралар аясында қазіргі таңда ПЧ-39 жол дистанциясы бойынша жалпы саны 328 адам арнайы аттестациялық

сынақты сәтті тапсырған. Десек те, жолшылар біліктілігі дәл қазіргі күндері қайта сынға түсіп жатыр. Яғни, көктемгі комиссиялық тексерулер аясында жол дистанциясы жұмысшыларының біліктілігі сарапқа түсуде.

Жалпы, теміржолшылардың техникалық білім деңгейін көтеру, кәсіби біліктілігін шыңдау бөлімше бойынша күн тақырыбынан түскен емес. Қазіргі күні Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша 30 жасқа дейінгі еңбеккер жастар саны төрт жүздің үстінде. Жұмысқа жаңадан қабылданғандар мен басқа мекемеден ауысып келгендер үшін арнайы жетекші мамандар бекітілген.

*Суретті түсірген автор*

## ТАУЛЫ АЙМАҚТАҒЫ ТҮЙІСПЕ БЕКЕТ



Шымкентке кіреберістегі Машат тауының баурайында орналасқан Түлкібас станциясы – табиғаты көркем таулы аймақ. Арыс -Тараз магистралінде орналасқан екінші класты станция Шымкент және Жамбыл бөлімшелерінің арасындағы түйіспе бекет болып табылады.

**Сәбира БАЙЗАҚОВА,**  
Шымкент

Түлкібас станциясы транзиттік жүк және жолаушылар пойыздарын қабылдап өңдеуді және жөнелтуді, құрама пойыздарды таратуды, жүк және тақ құрама пойыздарды қалыптастыруды, жергілікті вагондарды өңдеуді, вагондарды ағытып және ағытпай жөндеуді, локомотив бригадаларын ауыстыруды жүзеге асырады. Қарама қарсы бағытта зулаған транзиттік пойыздардың бәрі Түлкібастан өтеді. Жолаушы пойыздарының да дені аялдайды. Станцияда бір мезгілде жүк және тақ бағыттарда пойыздарды қабылдау және жөнелту жүзеге асырылады.

Үшінші мегополиске кірер қақпа сынды станцияда 12 қабылдау-жөнелту жолы, 5 арнайы және 9 басқа жолдардан тұратын бір қабылдау-жөнелту паркi жұмыс істейді және "МПЦЦ-НЕМАН" микропроцессорлық диспетчерлік орталықтандырумен жабдықталған. Станция бастығы мен жедел жұмыс жөніндегі орынбасарының, станция кезекшісінің, СТО аға операторы мен операторының, жүк пен багаж қабылдап-тапсырушылардың, вагон операторының, аға тауар кассирі мен тауар кассирінің жұмыс орындары түгелдей автоматтандырылған басқару жүйесіне қосылған. Станцияда штат



бойынша барлығы 42 адам жұмыс істейді. Жергілікті жүк тиеу де жоғары деңгейде.

Станция қызметін ауданның «Түлкібас эк зауыты» ЖШС, «Күнбас-1» өндірістік кооперативі сынды сол төңіректегі ірілі-ұсақты кәсіп иелері тұрақты пайдаланады. Ал Түлкібастың атақты алмасы Қазақстаннан асып, Ресейге тіпті шет елдерге дейін экспортталады. Таулы аймақтың жеміс-жидегі мен балы, қаймағы қашан да жоғары сұранысқа ие. Жеке кәсіпкерлер өнімдерін республика ішіне тасымалдауда теміржол қызметіне жүгінеді. Түлкібас станциясының бастығы алдағы уақытта табиғи өнімдерді тасымалдау бойынша отандық брендтер

пайда болса, оның да отаны Түлкібас болатынына дау жоқ дейді.

– Ағымдағы жылдың 14-сәуірінде өңірлік көктемгі байқау біздің Түлкібас станциясында өтті. ҚТЖ «Жүк тасымалы» Шымкент филиалының директоры міндетін атқарушы Нұррәулет Байғазиев пен Магистральдық желі бөлімшесінің директоры Алғазин Қойлыбаев бастаған комиссия мүшелері пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайы мен жазғы тасымалға дайындығымызға оң бағасын берді, – дейді Түлкібас станциясының бастығы Нематилла Тойчибаев.

*Суретті түсірген автор*

## С БЛАГОРОДНОЙ МИССИЕЙ



МЕДПОЕЗД

**Милена КАИРОВА,**  
Алматы

Проект реализуется Фондом развития социальных проектов Samruk-Kazyna Trust от имени группы компаний АО «Самрук-Қазына» при участии Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК и Министерства здравоохранения в сотрудничестве с корпоративным фондом АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Фондом социальных проектов» и информационным партнером – телеканалом Jibek Joly.

Благодаря поддержке группы компаний АО «Самрук-Қазына» поезда здоровья каждый год дают возможность жителям глубины получить высококвалифицированную медицинскую помощь даже там, где нет фельдшерского пункта и аптеки. Ожидается, что лечебно-консультативные услуги получат около 75 тысяч сельчан.

– Сегодня важный день для большого количества людей, ожидающих медицинскую помощь. Зачастую в отдаленных аулах нет больниц, и не все жители могут выезжать в районы. Медпоезд дает возможность получить консультации у узких специалистов взрослых и детям, главная цель нашей деятельности – улучшение социально-экономической жизни населения, в том числе в регионах присутствия группы компаний «Самрук-Қазына». В этом году из семи проектов первым в приоритетной сфере «Здравоохранение» стал «Медицинские поезда» с бюджетом 590 миллионов тенге, – отметила генеральный директор Фонда развития социальных проектов Samruk-Kazyna Trust Альфия Адиева во время торжественной отправки поезда.

Медицинский поезд организован как настоящая поликлиника с наличием регистратуры, где заполняется карточка пациента и фиксируется полное его обследование с рекомендациями и назначениями врачей. В

**С вокзала Алматы-2 стартовал медицинский поезд «Саламатты Қазақстан». С 24 апреля по 6 декабря текущего года бригада медиков посетит более 120 станций по всему Казахстану, бесплатная медицинская помощь придет в самые отдаленные поселки и разъезды страны.**



составе поезда – 35 специалистов. Каждый из них имеет клинический опыт работы. Есть терапевт, хирург, врач общей практики, невропатолог, врач ультразвуковой диагностики, гинеколог, рентгенолог, а также врач лучевой диагностики, отоларинголог, офтальмолог, уролог и лаборанты. В день медики могут принимать более 200 человек.

В ходе обследования медицинская помощь будет оказываться на месте, а больных, нуждающихся в долгосрочном стационарном лечении, будут направлять в ближайшие медицинские учреждения.

Оборудование позволяет провести пациентам при необходимости развернутые общие и биохимические анализы, рентгенографию и флюорографию, УЗИ-исследования внутренних органов и сосудов, электрокардиограмму, гастрофиброскопию, другие виды диагностических исследований. Современная аппаратура позволяет делать и мини-операции. Находиться на каждой станции медицинский поезд будет по 1-2 дня. Он состоит из восьми вагонов, из них четыре

– для проведения лечебно-диагностических процедур, один вагон-ресторан, два – для проживания медицинского персонала, один – для энергоснабжения. Учтены и бытовые нюансы: есть стиральные машины, работает душ. Словом, созданы все условия для полноценной и продуктивной работы. Поездная бригада регионального филиала «Южный» АО «Пассажирские перевозки» неоднократно сопровождала медицинские поезда.

По инициативе Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике впервые будут привлечены профессиональные и опытные медиаторы, юристы, которые при необходимости бесплатно окажут правовую и медиативную (примирительную) помощь. Кроме того, предусмотрены бесплатные консультации по вопросам защиты прав граждан на получение государственной социальной поддержки, назначения пенсий, пособий, социальных выплат и адресной социальной помощи.

Фото автора

## ЛОКОМОТИВЫ ГОТОВЯТСЯ К ЛЕТУ



СЕРВИС

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Астана

Для обеспечения бесперебойного и безопасного движения поездов в летний период «Қамқор Локомотив» со своей стороны закуплены все необходимые виды запасных частей, комплектующих, смазок и инвентаря.

Во время комиссионной осмотра локомотивов производится полная ревизия всех узлов и агрегатов,

**Подготовку локомотивов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и электропоездов АО «Пригородные перевозки» к летним перевозкам начали в ТОО «Қамқор Локомотив».**

ходовой (экипажной) части, замена смазки и т. д. В состав комиссии под председательством начальника эксплуатационного депо входят специалисты ремонтных и эксплуатационных предприятий.

В этом году весенним комиссионным осмотром в ТОО «Қамқор Локомотив» планируется охватить 577 локомотивов, из них на тепловозной тяге – 253 единицы, электровозной – 294, а также 30 электропоездов. Стоит отметить,

что помимо локомотивов и электропоездов национального перевозчика, ремонтные предприятия готовят к летним перевозкам подвижной состав частных компаний.

– Комиссионные осмотры мы проводим дважды в год – весной и осенью. Также производим текущий ремонт электровозов и тепловозов в объеме ТР-1 (ТО-3, ТО-6). Наша главная задача – со-



блюдение графика движения пассажирских поездов и обеспечение перевозок исправным и надежным в эксплуатации локомотивом, – отметил генеральный директор ТОО «Қамқор Локомотив» Алтай Жуматаев.

Фото автора

## ПОТЕНЦИАЛ ДЛЯ РАЗВИТИЯ



СОТРУДНИЧЕСТВО

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Достык – Алашанькоу

Казахстанскую делегацию возглавил директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Алматынское отделение ГП» Нурым Жаниязов, китайской стороны – председатель правления ООО «Урумчійская железная дорога» Гао Цзяньян.

Во время встречи стороны отметили динамику роста перевозок между Казахстаном и Китаем. Так, в первом квартале 2023 года объем перевезенных грузов между нашими странами достиг 6 446 тысяч тонн, что на 32% больше, чем в том же периоде прошлого года. При этом перевозки из Казахстана в КНР выросли на 56% – 3 829 тысяч тонн за три месяца этого года. На 7% увеличились и перевозки в обратном направлении – 2 617 тысяч тонн. На 18% увеличились перевозки грузов в контейнерах, в том числе транзитные контейнерные перевозки выросли на 23 процента.

Через погранпереход Достык – Алашанькоу проследовало 3 655 тысяч тонн грузов, или на 24% больше по сравнению с 2022 годом. На 44% вырос объем перевозок через Алтынколь – Хоргос – до 2

791 тысячи тонн за три месяца с начала года.

– Объем перевозок грузов железнодорожным транспортом между нашими странами показывает положительную динамику и имеет большой потенциал для развития, – отметил во время встречи Нурым Жаниязов. – Надеюсь, что эта встреча послужит объединению усилий наших железнодорожных администраций в достижении поставленных целей и укреплению сотрудничества между железными дорогами Казахстана и Китая.

Участники встречи отметили улучшение работы китайской стороны по приему поездов в этом месяце. Так, в среднем в сутки по широкой колее на станции Алашанькоу принято 14 поездов,

по станции Хоргос – 8 поездов.

Однако прием станцией Алашанькоу 14 поездов по-прежнему не удовлетворяет потребности растущего грузопотока и приводит к скоплению и оставлению от движения поездов. Для выполнения согласованного сторонами плана казахстанская сторона предложила увеличить среднесуточный стабильный прием по станции Алашанькоу до 16 поездов, а по станции Алтынколь – до 10 поездов, выразив готовность принимать весь согласованный объем грузов.

Стороны также договорились уделять пристальное внимание безопасности движения в части минимизации повреждения вагонов при выгрузке, а также о сокращении времени проведения




## УСТУПАЙ СОСТАВУ ПУТЬ

**Любовь РОВБА,**  
Астана



БЕЗОПАСНОСТЬ

С начала года в границах Астанинской дистанции пути произошло одно ДТП на регулируемом переезде. В отличие от происшествий на автодорогах, виновного в столкновении с поездом определить достаточно просто – как правило, это автолюбители, пренебрегающие правилами проезда через железнодорожные пути.



Профилактическую работу с владельцами автотранспорта железнодорожники ведут регулярно. Но из года в год аварии повторяются. Спешка, невнимательность, излишняя самоуверенность приводят к самым плачевным последствиям: в лучшем случае это искореженное авто, в худшем – многочисленные травмы и смертельный исход.

К сожалению, без жертв не обошлось и в этом, единственном случае ДТП с начала года по ПЧ Астана. 20 февраля в районе станции Шортанды на участке Курорт-Боровое – Астана водитель минивэна проигнорировал красный сигнал светофора, а также закрытый шлагбаум и выехал на регулируемый охраняемый железнодорожный переезд прямо перед идущим грузовым составом. Машинист поезда применил экстренное торможение, но избежать столкновения не удалось. Грубое нарушение правил дорожного движения унесло жизни троих человек, еще трое были доставлены в больницу.

По итогам проведенного расследования вина водителя полностью доказана.

– Для предупреждения ДТП на объектах железнодорожного транспорта мы направили письма в акиматы и правоохранительные органы с просьбой усилить профилактическую работу с водителями автомобилей, жителями станций, транспортными компаниями и крупными сельскохозяйственными предприятиями, расположенными вблизи железной дороги, – сообщил начальник Астанинской дистанции пути Даурен Кабас. – Необходимо организовать совместные дорожно-патрульные рейды.

Кроме того, Астанинской дистанцией пути подана заявка на установку видеокамер и системы УЗП (устройство заграждения переезда) на все переезды.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## СПЕЦИАЛЬНАЯ ТАКТИКА

**Светлана МОГАЙ,**  
Қарағанды



УЧЕНИЯ

**Внеплановые тактико-специальные учения прошли в минувшую среду на базе ПЧМ Ақадыр в Қарағандын облысы.**

Согласно легенде, в специальном подвижном составе произошло возгорание обшивки вагона и стеллажей общей площадью около двух квадратных метров.

По словам начальника поезда станции Қарағанды-Сортировочная Ануара Кумекова, в 10.30 по местному времени команда получила приказ от диспетчера НЖС-4 и прибыла на место происшествия. В это время в вагоне состава находился пострадавший – сотрудник ПЧМ Ақадыр.

– В считанные минуты работники отряда провели боевое развертывание с подачей трех шлангов. Ими были выполнены все необходимые действия по приведению в рабочее состояние насоса, присоединению к нему рукавной линии, – рассказывает Ануар Кумеков. – Благодаря оперативным действиям пожарных буквально через 20 минут возгорание было полностью локализовано, а также спасен работник ПЧМ Ақадыр. Первую помощь ему оказали врачи скорой помощи.

При выяснении обстоятельств стало известно, что во время работы со шлифовальной машиной произошел выброс искры. Возможно, поблизости находился мусор и легковоспламеняющиеся материалы.

В учениях были задействованы работники ПЧМ Ақадыр, ДС станции Қарағанды-Сортировочная, ШЧ-19, ЭЧ-11, УПЧ-28. Во время тушения огня члены команды использовали пожарную автоцистерну полноприводного грузового автомобиля ЗИЛ-131, состоящую из пожарного оборудования, воды и пенообразователя. На сегодняшний день это самый распространенный тип автотранспорта, который активно используется в городах и сельской местности. Также в учениях были задействованы карета скорой помощи и аварийная машина.

Команда из семи пожарных во главе с Ануаром Кумековым проявила корпоративный дух и сплоченность при выполнении важной боевой задачи.

Фото автора





## ҚАУІПСІЗ ДЕ ҚУАТТЫ ӨНДІРІСТІК ОРТА ҚҰРАМЫЗ

(Соңы. Басы 1 бетте)

– ҚТЖ-да жыл сайын осы күнге орай түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. 2019 жылдан бері компания Халықаралық әлеуметтік қамтамасыз ету қауымдастығына мүше болып, «Vision Zero» - «Нольдік жарақаттану» концепциясын қолдайды. Қазірге таңда компания «Өндірістік қауіпсіздікті басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын іске асыруда. Осы орайда «Қауіпсіздіктің іс-әрекет диалогтары» мобильді қосымшасы жобасы «Өндірістік қауіпсіздік» автоматтық жүйесіне сәйкестендіріліп, іске қосылды. Бұл жобаның мақсаты – «нөлдiк жарақаттану» деңгейіне қол жеткізу. Осы орайда «Өндірістік қауіпсіздік» автоматтық жүйесі платформасына кез келген жұмысшы тіркеліп, қауіпті жағдайда жұмысты тоқтату құқығымен қосыла алады. Компания жыл сайын бұл

жұмысты қортындылай келе, ең белсенді жұмыскерлер арасынан жеңімпаздарды анықтайды. 2022 жыл бойынша биыл 13 сәуірде қорытынды жасалып, Екібастұз локомотив пайдалану депосының аға шебері Алмас Гимадиев жеңімпаз атанды. Сонымен қатар, кәсіподақтың ұсынысымен Ұжымдық шартқа техникалық инспекторларға жылдағы ақылы еңбек демалысына 3 күндік қосымша қосылған, – деді С. Сәрсекеев. Жиынға қатысқан Атбасар жол дистанциясы кәсіподағының төрайымы Ботагөз Сарбаева бүгінгі басқосу барысында өз қызметіне қатысты көптеген сауалдарға жауап алғанын айтты. – Дистанцияның 600 қызметкері кәсіподаққа толық мүше. Жұмыс барысында техникалық жарақаттану бойынша сұрақтар өте көп кездеседі. Сонымен қатар кәсіби ауруларға қатысты да мәселелер өте өзекті. Соның бәрiне қатысты

кәсіподақ басшысы қалай әрекет етуі керектігі бүгінгі семинарда жан-жақты сөз болды, – дейді ол. – Қауіпсіз де қуатты өндірістік орта құру және оған кәсіподақтар ықпалы туралы бастаманы қолдаймыз. Біз үшін – тікелей қауіп-қатері басым өндірісте еңбек ететін теміржолшылар үшін бұл өте маңызды мәселе. Қазақстан темір жолы компаниясы еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге зор күш жұмсап, қаражат бөліп отыр. Ендеше, қауіпсіз де салауатты жұмыс ортасын құрауға баршамыз атсалысайық, – деді бірауыздан жиынға қатысушылар. Семинар барысында қатысушыларға кәсіподақ жұмысын жетілдіру және соңғы ережелер мен нұсқаулықтар туралы ақпараттар таратылып, сондай-ақ арнайы сертификаттар табыс етілді. *Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ТЕОРИЯДАН ПРАКТИКАҒА ДЕЙІН...

Ақтөбелік теміржолшылар дүниежүзілік еңбек қорғау күнін өндірістік қауіпсіздік жөніндегі семинар аясында атап өтті. Шараға Ақтөбе, Орал аймағынан теміржол мекемелерінің еңбек қауіпсіздігіне жауапты мамандары арнайы шақырылды.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Батыс аймақтық филиалы бас инженерінің қатысуымен Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай өткізілген шара әдеттегі қалыптасқан ресми форматтан тыс, командалық ойын түріндегі сұрақ-жауаптар аясында ұйымдастырылды. Бұл өз кезегінде қызметкерлердің қызығушылығын арттырып қана қоймай, өз қарым-қабілетін толық көрсетіп, семинарға белсенді түрде қатысуына ықпал етті. Семинар өндірісте қаза болған қызметкерлер құрметіне бір минут үнсіздік жариялап еске алудан басталды. Әрі қарай қатысушылар бес топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындап, өндірісте кездесетін оқиғаны жағдайды әрекет ету тәртібін көрсету, қауіпсіздік талаптары мен шарттары, оларды сақтау тәртібі бойынша теориядан практикаға дейін білімдерін көрсетті. Техникалық еңбек қорғау инженерлері ой пікірлерімен бөлісті. – Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні – жыл сайын сәуірдің 28-де атап өтіледі. Теміржолшылар үшін еңбекті қорғау мәселесі үлкен маңызға ие. Сондықтан бұл



күннің маңызы зор. Қауіпті жұмыста жүрген әрбір әріптесімізге көңіл бөлуіміз қажет. Өндірістегі оқиғаларды жоққа шығара алмаймыз. Өкінішке орай жыл сайын әлемде миллиондаған жан оқиғалар салдарынан көз жұмып немесе кәсіби ауруларға ұшырайды. Сондықтан біздің тарапымыздан техникалық сабақтарды күшейтіп, өндіріс барысында әр жұмысшы қырағалық танытып, еңбек қорғау қағидаларын, ережелерін қатаң сақтау керектігі жөнінде профилактикалық жұмыстарды ұдайы жүргізіп, бақытсыз жағдайдың барынша алдын алуға, мүлдем болдырмауға тырысуымыз ке-

рек, – деді бас инженер Жасұлан Рсқалиев. Семинар барысында ИСПБ платформасын мекеме басшыларының, еңбек қорғау жөніндегі инженерлердің қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында оқу пысықтау актілері берілген тапсырмаға сай толтырылды және оны ақырына дейін орындады. Өрт сөндірушілер мен медицина қызметкерлерінің теориялық және практикалық бағыттағы баяндамаларының өзі семинар форматына орай жасалды. Семинар соңында белсенді қатысушылар марапатталып, сертификаттар табысталды. *Суретті түсірген автор*



## МАҢЫЗДЫ ЖОБА АЯСЫНДА

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілуде. Солардың алдыңғы қатарында «Еңбек адамы» партиялық жобасы аясындағы жұмыстардың бастау алуы болып отыр.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Бұл бағыттағы алғашқы шара жуырда салалық кәсіподақ ұйымы мен «Аманат» партиясы бастаушы ұйымының ұйытқы болуымен жергілікті Семей вагон пайдалану депосында өтті. Басқосуға вагон шаруашылығының ардагерлері, депо басшылығы, партия және кәсіподақ белсенділері мен жас буын қызметкерлері қатысты. Жиын беташарында сөз алған бөлімше кәсіподақ ұйымының төрағасы, вагон шаруашылығында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен Құрметті теміржолшы Алик Досанов барша қауымды алдағы келе жатқан Еңбекті қорғау күнімен құттықтап өтіп, Семей теміржолшылары арасында атқарылып жатқан маңызды шаралар қатарына тоқталып өтті. Соның ішінде салалық кәсіподақ ұйымының ұйытқы болуымен жүзеге асырылған жұмыстар жайлы кеңінен сөз қозғанды. Вагон депосының бастығы Ерзат Хасенов пен кәсіподақ төрағасы Ертай Темірбеков те сөз алып пікір білдірді. – Мұндай кездесулердің әсіресе жас мамандар үшін берері мол болмақ. Себебі, аға буын еңбеккерлердің ерлікке пара-пар кешегі еңбек жолы баршаға үлгі. Еңбек адамын қалыптастыру жолында олардың атқарған еңбегі өлшеусіз, – деді өз сөзінде депо басшысы. Ардагерлер қауымы да сөз алып, кешегі күндерден жарқын естеліктерімен бөлісіп, вагон

шаруашылығының қыр-сыры жайында тереңнен сөз қозғанды. Байырғы Түркісіб теміржолында алдыңғы сапта жүрген олар өндіріс пен қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда зор абыройға бөленген жандар. Соның дәлелі болар, депо қызмет көрсететін желі бойында вагоншылар арасынан шыққан Құрметті теміржолшылар қатары жолшылар мен байланысшыларға қарағанда әлдеқайда артық. – Мемлекет басшысы соңғы жолдауында «Еңбек адамы – қоғамдағы ең сыйлы адам болуы керек» деді. Семей теміржолында «Еңбек адамына» құрмет көрсетудің өзіндік жөн-жоралғысы, ізгі дәстүрі қалыптасқан. Осы жоба аясындағы шаралар бөлімше көлемі бойынша алдағы уақыттарда да жалғасатын болады. Бұл жолғы шара Дүниежүзілік Еңбекті қорғау күнімен сабақтаса өткізіліп отыр, – дейді бөлімше бойынша бастаушы партия ұйымының төрайымы Айгүл Берікболова. Басқосу барысында сонымен қатар ВЧД-23 мекемесі бойынша бастаушы ардагерлер ұйымының төрағасы да сайланды. Жиынға қатысушы көпшіліктің бірауыздан даусы беруі арқылы бұл орынға Сергей Харитонов тағайындалды. Ендігі аралықта өмірін вагон шаруашылығына арнаған, 42 жыл еңбек өтілі бар қазыналы қария Сергей Иванович ардагерлер қауымын бастап мекемедегі идеологиялық іс-шараларға белсене атсалысатын болады. *Суретті түсірген автор*

## ЕЛЕУСІЗ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде «Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау» тақырыбында өткен семинарға бөлімшеге қарасты Түркістан мен Сексеуіл станциялары арасындағы мекемелердің еңбек қорғау инженерлері мен техникалық инспекторлары қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Еңбек қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосу арқылы теміржолшылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдарын насихаттауда белсенді әрекет ету – бүгінгі күннің талабы. Жаңа Қазақстандағы өзгерістерді осындай принциптерді ұстана отырып әр адам өзінен бастау қажет деген ұстаным жиынның өзекті тақырыбына айналды. Бас инженер Берік Бекжанов Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай ұйымдастырылып отырған семинардың маңыздылығына тоқталып өтіп, көпшілікті өндірісте қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алуға шақырды. Қауіпсіздіктің бұзылуына, оның ішінде еңбек қорғау талаптарының орындалмауы салдарынан өндірісте апат, адам өлімі орын алып жатады. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін не істеу қажет деген сауал төңірегінде үлкен әңгіме өрбіді. Семинарға арнайы шақырылған аймақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасының

орынбасары Марат Серікбайұлы жергілікті жерлерде қоғамдық инспекторлардың білімін жетілдіру курстарын ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды. Техникалық инспекторларға жүктелетін жұмыс үшін қосымша ақы төленбейді. Сондықтан ақысыз жұмыс істеуге құлықсыздық танытып, оны жүрдім-бардым атқару оң нәтиже бермейтіндігі, болашақта осы олқылықтан шығар жол қарастыру қажеттігі де өткір сөз болды. Кейде техникалық талаптарды мәнжүрлі түрде бұзып жұмыс жасауға тура келетіні, еңбек қорғау талаптарының өрескел бұзылуы орын алатыны да айтылды. Осындай қателіктердің салдары адам өміріне қауіп төндіріп, оның соңы бақытсыз жағдайға әкелуі мүмкін екені, сондықтан одан шығар жол тауып, дер кезінде басшылыққа ескеруден қаймықпау қажеттігі, тіпті қағаз жүзінде кәсіподақ ұйымдарына, басшылыққа жазып, кемшілікке көз жұмып қарауға болмайтыны ескертілді. «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда

филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов, еңбек қорғауда елеусіз ештеңе жоқ екенін, кішкентай кемшіліктің үлкен зардабы болуы мүмкін екенін мысалмен жеткізді. Семинарға қатысушылар теміржол салысында орын алған қайғылы жағдайлардың себептері мен салдарын саралап, ондағы адами фактор, қауіпсіздік қағидалары төңірегінде өзара пікір алмасты. Өткен жылдың қорытындысы бойынша үздік еңбек қорғау инспекторы атанып, компания басшылығы тарапынан қаржылай сыйлық алған Шиелі өртке қарсы қызмет маманы Жалғас Имантаев өз тәжірибесімен бөлісті. Семинарда блиц-сауалдарға үздік жауап беріп көзге түскендер мен дұрыс инспекторлар бөлімше басшылығы мен кәсіподақ ұйымы атынан алғыс хат, түрлі марапаттарға ие болды. Инспекторларға үй тапсырмасы ретінде еңбек қорғау талаптары жасырылған сөзжұмбақтар табысталды. *Суретті түсірген автор*

## МАРАПАТ ИЕСІН ТАПТЫ

Дүниежүзілік еңбек қорғау күні қарсаңында Сары-Шаған электрмен жабдықтау дистанциясында қауіпсіз жұмыс орындарын жоғары деңгейде ұйымдастырып, еңбекті қорғауды арттыруға қосқан үлесі үшін бір топ теміржолшы марапатталды.

**Ерман ӘБДИЕВ,**  
Сары-Шаған

Жиналғандар алдымен бір минут үнсіздікпен өндірісте қаза болған әріптестерін еске алды. Кезек марапатқа келгенде, еңбекті қорғау жөніндегі жетекші инженер Айна Байтенова, электромеханик Александр Кабанов, Қаражыңғыл станциясының электромеханигі Жұмакүл Мизамбекова, Мыңарал станциясының электромеханигі Әуесхан Ақжияновтар мерейі үстем болып, қаржылай және бағалы сыйлықтарға ие болды. Үздік цехтар қатарында Қашқантеңіз,



Мыңарал, Новалы станцияларында цехтар аталып, марапатқа лайық деп танылды. – Осыдан алты-жеті жыл бұрын,

2016 жылы әріптесіміз, электромеханик Ерман Сарахметов өндірісте қаза тапқан болатын. Бүгінгі жиыннан соң біз әріптесіміздің

отбасында болып, оның ата-анасымен, жарымен кездесіп, әңгімелесіп, сый-сияпатымызды ұсынып қайттық – дейді Сары-Шаған электрмен жабдықтау дистанциясы кәсіподақ ұйымының төрайымы Нұржан Кенжеғараева. Бұл даталы күнді Жамбыл байланыс және белгі беру дистанциясы да ерекше атап өтті. «Қауіпсіз және дені сау жұмыс ортасы – еңбектегі құқық пен тәртіптің негізі» тақырыбында өткен селекторлық кеңестен соң бір апта бұрын өткен «Үздік цех» байқауының қорытындысы шығарылып, жүлдегерлер марапатталды. Бірінші орынды 11 цех, екінші орын 8 цех, үшінші орынды 12 цех иеленді. Сондай-ақ, үздік еңбекті қорғау инспекторлары аталып, жеңімпаздар қаржылай және бағалы сыйлықтарға ие болды. Ал, дистанция басшылығы мен кәсіподақ ұйымының төрағасы өндірісте қайтыс болған азаматтардың отбасына барды. *Суретті түсірген автор*

## ЧТОБЫ ПОМНИЛИ

**Интеллектуальная игра, подведение итогов конкурса детских рисунков, награждение лучших работников – все это вошло в состав увлекательного и интересного мероприятия, которое провели в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) ко Всемирному дню охраны труда.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Оно собралось в одном зале руководство и инженерно-технический состав предприятия, службу охраны труда, локомотивные бригады. Ведущий – начальник сектора производственной безопасности и экологии ТЧЭ-22 Канат Макашев информировал о приказе начальника Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо о плане мероприятий ко Всемирному дню охраны труда Асета Бутабаева и предоставил слово председателю первичной профсоюзной организации узла станции Оскемен-1 Берикхану Тлеужанову. Именно профсоюз организовал призы и подарки для участников интеллектуальной игры и конкурса детских рисунков. Берикхан Тлеужанов рассказал о важности Всемирного дня охраны труда и напомнил, что в феврале текущего года в Карагандинской области погиб помощник машиниста ТЧЭ-22. Поэтому он предложил залу почтить минутой молчания его память и всех погибших при несчастных случаях на производстве.

После скорбной тишины заместитель начальника Оскеменского эксплуатационного



